

Рахметолла Закарьяның 8D02206 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғ. 20 - 40-жылдары)» тақырыбындағы диссертациясына

ШІКІР

Миграциялық үдеріс – адамзат тарихында айрықша маңызды орын алатын құбылыстардың бірі. Өткен замандарда шығыс және солтүстік халықтарының батысқа жорықтары Рим империясының құлауына әкелді, ал еуропалықтардың мұхитты кесіп өткен сапарлары жаңа құрылықты игеруге жол ашты. Ол кезде миграциялық үдеріс көбінесе жаугершілік сипатта болды. Ал жаңа және қазіргі замандағы миграция адамның соғыс, аштық, тағы басқа қиыншылықтардан құтылу үшін жасалған «жорығы» болды. Шетел зерттеушілерінің басым бөлігі миграцияны XX ғасырдағы Еуропа тарихының шешуші сипаты деп бағалайды. Егер «миграция» түсінігіне халықтың бір мемлекет ішіндегі және мемлекетаралық шекаралардан асып көшуін кіргізетін болсақ, онда XX ғасырда миграцияның қуатты ағындары болғанын байқаймыз. Мигранттар еріксіз көшуі немесе өз еркімен көшуі мүмкін, үлкен топтармен немесе жеке-жеке көшуі мүмкін, мұның барлығы қазіргі миграциология ғылымында миграцияның мазмұныны, бағыттарын әртүрлі санаттарын анықтау барысында ескеріледі. Жалпы алғанда бүгінгі таңда миграциялық үдеріске тартылмаған ел жоқ деуге болады. Қазіргі халықаралық қатынастардың ғаламдануы мен трансұлттық сипатқа ие болуына байланысты миграцияның көлемі айрықша өсіп, географиясы кеңейе түсуде. Ғалымдардың, мамандардың, жұмыс күшінің миграциясы, мәжбүрлі миграция мен астыртын миграцияның кең қанат жаюы бүгінгі әлемдік жүйенің тұрақты құбылысына айналып, мемлекеттік саясат аясында реттеуді қажет етіп отыр. Қазіргі миграциялық үдерістен Қазақстан да тыс қала алмағаны сөзсіз.

XX ғ. бірінші жартысындағы миграциялық үдеріс дүниежүзілік соғыстармен, жеке елдердің өз ішіндегі азамат соғыстарымен, аштықпен, саяси және идеологиялық факторлармен байланысты болды. Кеңес Одағы осы кезеңде Батыс елдерінен шығысқа қарай бағытталған миграциялық үдерістің белсенді субъектісі ретінде еуропалық мигранттардың бірқатар санаттарын қабылдап алды. Р.Закарьяның докторлық диссертациясы осы бір аса өзекті және нарративтік материалға айрықша мол кезеңдегі миграция мәселесін зерттеуге арналған.

Миграция дәстүрлі түрде демография мен әлеуметтану ғылымының объектісі ретінде қаралады, алайда XX ғ. миграциялық үдерісінің қоғамның саяси өмірімен тығыз байланысты екенін ескерсек, бұл тарих ғылымының объектісі ретінде де қабылдануға тиісті, өйткені қазіргі мигранттардың елге кіруінен бастап, бүкіл өмірін мемлекет арнаулы заңдармен реттейді. Р.Закарьяның диссертациялық зерттеуінің мерзімдік аясында Кеңес Одағына

келгендер негізінен саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттары болды. Бұл Кеңес Одағының өзін бүкіл езілген таптардың қорғаушысы, социалистік мемлекет деп жариялауымен тығыз байланысты еді, сондықтан мигранттардың осы екі санаты айрықша зерттеуді талап етеді. Қазақстан аталған кезеңде Одақтың ішіндегі реципиент-республикаға айналды да, белгілі бір өлшемде әлемдік миграциялық үдеріске тартылды. Отандық тарих ғылымында Қазақстаннан шетелдерге кеткен мигранттар тарихына көбірек мән беріледі де, еліміздің реципиент ретіндегі рөлін зерттеу кенже қалған. Сондықтан Р.Закарьяның диссертациясын осы бағыттағы алғашқы кешенді зерттеу деп атауға болады.

Диссертациялық жұмыстың бір жақсы ерекшелігі –зерттеудің *методологиясын* және хронологиялық шеңберінің төменгі және жоғарғы шектерін негіздеуі. Методологиялық негіз ретінде әлем-жүйелік теорияны алуы тақырыпты жүйелі түрде, проблемалық және хронологиялық ретпен толық ашуына мүмкіндік берген. Хронологиялық шеңберінің төменгі нүктесін кеңес елінде азамат соғысының аяқталып, бейбіт өмірге көшуі және коммунистік идеяны кең насихаттауға мүмкіндік тууымен, ал жоғарғы шегін соғыстың аяқталуы, елдің қайта «жабылуы», соған орай миграциялық ағынның толастауымен байланыстыруы дәлелді. Кіріспе бөлімде берілген тарихнамалық шолу да шетелдік ғалымдардың ағылшын тіліндегі зерттеулеріне талдау жасауымен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеудің *бірінші бөлімінде* кеңес өкіметінің ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы миграциялық саясатының қалыптасуының құқықтық негіздері талданған және Кеңес Одағына сырттан келген мигранттардың негізгі санаттары анықталған. Бұл мәселе жұмыстың бастапқы бөлігінде болуға тиісті, өйткені кеңес өкіметі бұрынғы монархиялық Ресей үкіметінің барлық саладағы заңдарын жоққа шығарып; жаңа заңдар мен ережелер шығарғанын ескерсек, Кеңес Одағының сыртқы миграция мәселесін де өзінше «жандан» реттегін түсінеміз жіне бұл мәселені талдап алмай тұрып, еуропалық саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттарының тарихын түсіну қиын. Аталған мәселелер бірінші бөлімде құқықтық құжаттарды талдау негізінде зерделенген.

Жұмыстың *екінші бөлімінде* Кеңес Одағына келген миграциялық ағынның қатарында еуропалық азаматтардың басым болуының себептері талданған, еуропалық саяси эмиграцияның алғышарттары анықталған. Сондай-ақ осы бөлімде Қазақстанның Кеңес Одағына бағытталған саяси миграциялық үдеріске қатысу жағдайларын, Қазақстанға жіберілген саяси эмигранттар мен еңбек иммигранттарының жағдайын талдаған. Қазақстанға арналған бөлімше –отандық тарихнамадағы бірінші зерттеу, сондықтан ізденуші өзінің болашақ зерттеулерінің перспективасын анықтаған деуге болады.

Диссертациялық зерттеудің *үшінші бөлімінде* еуропалық мигранттардың кеңес қоғамының әлеуметтік, экономикалық, мәдени ахуалына бейімделуі, инкорпорация үдерісі талданған. Әрине, инкорпорация үдерісі, еуропалық мигранттардың кеңес адамына айналуы аяқталып

үлгермеген, өйткені еуропалық мигранттар сталиндік қуғын-сүргін өртіне шарпылып, бірқатары лагерьлерде қаза тапқан. Аталған бөлімде осы жағдайлар жан-жақты зерделенген.

Жалпы алғанда диссертациялық зерттеу өзінің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындаған және осы бағыттағы ғылыми зерттеулер қатарын толықтыруға лайықты жұмыс.

Диссертациялық зерттеудің бірі үлкен жетістігі – архивтік деректердің молдығы. Жұмыста ҚР Президент архивінің, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің, Шымкент облыстық мемлекеттік архивінің, РФ Мемлекеттік архивінің, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің материалдары пайдаланылған, олардың басым бөлігі ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр. Демек диссертациялық жұмысты орындау барысында автор өзін жауапты зерттеуші ретінде көрсете білді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми-анықтамалық аппараты да ғылыми тұрғыдан алғанда өте сауатты жасалған.

Қорыта келгенде, ізденуші өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізген, зерттеу жұмысының тақырыбы толық ашылған және қорғауға ұсынылатын тұжырымдарды тақырыптың міндеттері, құрылымы және жаңалығына сәйкес нақты анықтаған. Осының барлығы Рахметолла Закарьяны 8D02206 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді. Соған орай Рахметолла Закарьяның 8D02206 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Кеңес өкіметінің еуропалық эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясаты (XX ғ. 20 - 40-жылдары)» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға жіберуге рұқсат беремін.

Ғылыми жетекші:

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Г.К.Көкебаева

